

сайлауға қатысып, дауыс берсе, адам берген даусын бұлдай алар еді. Сайлауға бармаған адамда талап ету, құқық қорғау деген қарапайым нәрселер автоматты түрде жойылады, яғни бейқамдық, қызығушылық жоқ. Жастар ұйымдарының жұмысы өте әлсіз екенін мына мысалдан-ақ көруге болады ғой. 900 ден аса жастар ұйымы тіркеуде тұрғанымен, жастар шашыраңқы жүреді. Ортақ мақсат, мүдде жоқ. Журналистер әлеуметтік желілерде, шоу-бизнес өкілдері тойда, мұғалімдер тексерістен қорқып бума-бума қағаз құшақтап жүр, ауыл жастарының күндіз мал қарап, кешке карта ойнаудан қолы босамайды. Мүмкін бұл жағдай нарық заманының талабы шығар, бірақ бірлік жоқ жерде ешқандай саясат жүзеге аспайтыны сияқты, шашыраңқы жүргенде қандай жастар саясаты болсын. Саяси сауаттылық деңгейін біз осылай бағаладық.

Осы тұста америкалық политолог Габриэль Алмонд ұсынған саяси жүйенің моделімен қорытынды жасасақ. Ол алғашқылардың бірі болып, саяси жүйені зерттеудің құрылымын жасап шығарды. Кез келген жүйедегідей саяси жүйеде де циркуляция, яғни айналым жүреді. Айналым «кірістен» және «шығыстан» тұрады. Шешім қабылданатын ядро — билікті шеңбер депалатын болсақ, оған «кіріс» ретінде – халықтың талап-тілегі, мұң-мұқтажы алынады. Ал «шығыс» – сол талаптарды қанағаттандыратын саяси шешімдер. Егер «кіріс» қана болса немесе халыққа қажеті жоқ «шығыс» қана болса жүйе өзінің негізгі функциясын атқаруға қабілетсіз боп қалады. Дәл сол сияқты ғой. Айтып жүрген мемлекеттік бағдарламаларға қатысты жастар өзіне қажетті проблеманы зерттеп, Үкіметке ұсынған жоқ. Үкімет өзі шамамен есептеп шешім қабылдап қойды. Егер жастар «Қолжетімді баспанамен» үй ала алмаса, «Жұмыспен қамту» бойынша жұмыс таба алмаса, ол – жүйенің дұрыс жұмыс істемеуі деп білген жөн.

Адамбекова К., Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Эко-19-2 тобының студенті
(*Ғылыми жетекші - ф.ғ.к., профессор Қабатаева К.Т.*)

СӨЗ ТІРКЕСІ СИНТАКСИСІ

Синтаксистің объектісіне сөз тіркесі, жай сөйлем, құрмалас сөйлем және күрделі синтаксистік тұтастық жатады. Соңғысын В.В.Виноградов «Завершающей частью грамматики» деп синтаксистің объектісіне жататын синтаксистік категориялардың барлық жиынтығының шоғырланған тобы деп берген болатын.

Кейде осы күнге дейінгі синтаксистік категорияларды осы ретпен барумен бірге, керісінше, күрделі синтаксистік тұтастық, қарастыру да кездеседі.

Әсіресе синтаксистің осы салаларының ішіндегі соңғы кезде жан-жақты қолға алына бастаған объектісінің бірі – сөз тіркесінің синтаксисі жөнінде қазақ тілі және қазақ тілі мен басқа тілдерді салыстыру жайында 400-дей монография, оқулық және мақала жарық көріпті. Ол еңбектерде сөз тіркесінің теориялық мәселелері, сөз тіркесінің орыс тілі, ағылшын, неміс тілдерімен салыстырыла берілуі, тарихы сияқты мәселелер қамтылғанымен, сөз тіркестерін мектептерде оқытудың методикасы бірер мақаланың төңірегінде ғана сөз болып отыр. Сондықтан да сөз тіркесіне қатысты методикалық мәселелер – жан-жақты қарастыруды күтіп отырған күрделі мәселе. Сөз тіркесінің теориясында, түркологиялық еңбектерде бір ізге түспеген мәселелер баршылық.

Атап айтқанда, сөз тіркесі сөйлемде қолданыла ма, жоқ одан тыс категория ма, сөз тіркесіне салалас не сабақтас тіркестердің қатысы, олардың құрылысы, сөз тіркесінің сөйлемнен айырмашылығы сияқты мәселелері әлі де болса жан-жақты талдауды қажет етеді. Енді осылардың кейбіріне аздап тоқтауды жөн көрдік.

1. Сөз тіркесі сөйлемде немесе сөйлемнен тыс қолданыла ма? деген мәселе төңірегінде де талас пікірлер кездеседі. Бұл мәселенің өзі тек түркологияда ғана емес, орыс тіл білімінде де онша шешімін таба қойған жоқ. Дегенмен, орыс тіл білімінде В.В.Виноградов, В.Н.Ярцева, Д.Ю.Корбин, К.Н.Абервух, түркологияда М.Балақаев, М.Х.Закиев сөз тіркесі негізінде тек сөйлемде, яғни сөйлемнің құрылысы материалы ретінде қолданылады деп дәлелдейді.

Шындығында да, сөз тіркесі де сөз тәрізді қолданылады. Жалпы сөз лексика, семасиология, морфология мен синтаксистің объектісі екені белгілі. Егер сөз сол тілдік салалардың барлығына да қатысты десек, сөз тіркесін құраудың да басты тірегі. Сөйлемде

үнемі жекелеген сөздер ғана емес, тіпті тұрақты тіркестер (ТТ), күрделі терминдер (КТ) де сол сөз сияқты өмір сүреді. Сонда сөз де, ТТ, КТ де сөйлемде қолданысы жағынан ұқсас. Олай болса, бұл топтар сөйлемге материал болады. Әрбір сөз сөйлемде өз мағыналас сөздермен өзара сөз тіркесін құрайды, сол топтардың жиынтығы сөйлем құраудың негізі материалы болып табылады. Сөз тіркесінің сөйлемде құрылыс материалы болуының өзі оның ажырамас бір бөлігі ретінде қолданылатынын, әсіресе сөйлемнің ойды білдірудегі алғышарты сөз тіркестері арқылы жүзеге асатынын көрсетсе керек. Мұның өзі сөз тіркесінің тек сөйлемде жұмсалатындығының негізгі шарты. Әрине, мына нәрсені де еске алған жөн. Сөйлем үнемі бірнеше сөз тіркесінен құрала бермейді. Сөйлем жеке сөзді де, екі сөзді де бола береді. Әрине, ол сөйлемнің негізгі құрылымдық ерекшелігінен туады, жалпы сөз де, сөз тіркесі де бір-бірімен тығыз мағыналық байланыста келіп, тек сөйлем ішінде сөйлем құрауға материал болады. Сонымен, сөйлемдегі сөз тіркесінің қалыптасуының өзі сол сөйлемді құрайтын әрбір сөздің келесі бір сөздермен қарым-қатынасының, мағыналық бірлігінің негізінде айқындалса керек.

Сөйлемдегі сөздер дара-дара, дара сөз бен күрделі сөз немесе күрделі сөз бен күрделі сөз болып келеді. КТ мен ТТ-де басқа сөздермен мағыналық байланысқа түсіп, сол тобымен бір ырғақты топ құрай келіп, сөз тіркесінің де, сөйлемнің де аясын кеңейтеді. Бұдан шығатын қорытынды – сөйлем үнемі тек сөз тіркестерінен құрала бермейтін де жайттар бола береді.

2. Сөз тіркесі – синтаксистік единица. Орыс тіл білімінде, сол сияқты түркологиялық білімнің алғашқы кезінде сөз тіркесі айтылып келді. Бірақ сөз тіркесі бірде жай сөйлемнің синтаксисінде, кейде керісінше, жай сөйлем сөз тіркесінің бір нұсқасы ретінде қарастырылады. В.В.Виноградов еңбектерінен бастап сөз тіркесі синтаксисі синтаксистің негізгі бір жеке объектісі ретінде қарала бастады да, сол кезден осы күнге дейінгі орыс тілі жайлы еңбектердің барлығында синтаксистің басты объектісі ретінде сөз тіркесі және сөйлем деп берілу негізі бағыт болып отыр. Осы сияқты бағыт түркологиялық әдебиеттерде де орын алғаны белгілі. Е.И.Убрятова сөз тіркестерін сөйлем мүшелерінің ыңғайына қарай қарастырды, осы пікірді С.Аманжолов та қолдаған-ды. Ал қазіргі кезде сөз тіркесі қазақ тілінде де синтаксистік бірлік ретінде арнайы қарастырылып келеді. Солай бола береді. Дегенмен де сөз тіркесінің синтаксистік единица екені туралы соңғы кезде талас пікірлер де орын ала бастады.

А.Н.Гвоздев, Д.В.Фоменко сияқты ғалымдар, әсіресе, соңғы ғалымдар, соңғы ғалым «Словосочетание является ли единицей языка?» деген арнайы мақала жазып, онда сөз тіркесі жалпы жеке қаралуға тиіс емес деген қорытындыға келді. Осы мақаланың төңірегінде де бірнеше даулы мақалалар жарияланды. Сол жарияланған мақалаларда сөз тіркесінің единица екеніне баса назар аударылады.

Негізінде сөз тіркесі синтаксисі – синтаксистің негізгі бір саласы. Ол дау тудырмаса керек. Өйткені, біріншіден, осы уақытқа дейінгі бүкіл грамматикада орын алып келді, екіншіден, сөйлемнің де іштей өз жасалу жігі, өзіндік тобы болатыны еске алынуы керек. Ондай топ негізінен тек сөз тіркесі арқылы ғана көріне алады. **Қалаға барды, жақсы оқушы** өз алдына тұрғанда сөйлем де емес. Бірақ сол сөздер бір-бірімен тіркесу арқасында сөйлемнің аясын кеңейту, соны дамыту үшін жұмсалады. Соған материал болады. Сол материалдық топты өз алдына жеке объекті ретінде қарастыруға тура келеді. Бұл оның өзіндік тілдік единица екенін дәлелдесе керек.

3. Номинативті мән. Сөз тіркесінің сөйлемдегі атқаратын қызметі туралы да бірнеше көзқарастарды байқауға болады. Жалпы сөз тіркесі мен сөйлемнің әрқайсысының өзіндік қызметі бар. Сол қызметі сөз тіркесінде номинативті сөйлем коммуникативті екені туралы пікір алғаш рет В.В.Виноградовтың еңбектерінде кездессе, соңғы еңбектерде олардың ерекшеліктері түрлі бағытта айтылып жүр.

В.В.Виноградов, А.С.Смиринский, В.В.Байбацева, А.Н.Баскаков сөз тіркесінің номинативті мәнін айтса, В.Г.Адмони сөз тіркесінде номинативті мәнімен бірге коммуникативті екенін жоққа шығарса, А.Моисеев, М.Балақаев сөз тіркесінің грамматикалық жағына назар аударады. Жалпы номинативті мән сөзге тән, сондықтан да сөз заттың, қимылдың, санның атауы болатыны дау тудырмаса керек. Ал сөз тіркесінен номинативті мән іздеудің ойға онша қонбайтынын мынадай жайттардан байқауға болады. Сол заттың, құбылыстың, сапаның атауы болса, сөз тіркесі сондай номинативті атаулардан құралған синтаксистік топ. Сөз тіркесіндегі сөздер номинативтікті (атауышты) білдіру үшін емес, толықтауыш, пысықтауыш, анықтауыш сияқты жаңа грамматикалық мағыналарды білдіру үшін тіркеседі. Олай болса, **жақсы студент, екі бала, баланың кітабы** деген сөз тіркестеріндегі әрбір бағыныңқы сөздердің әрқайсысының өзіндік номинативтік мәні бар екені мәлім. Енді сол

номинативті мәні бар сөздердің тіркесі арқылы тағы бір номинативті мән пайда болды деуге келе бермейді. Демек номинативтік мән тек жеке сөздерге тән, кейде ондай мән сөз тіркестеріне формалдық жағынан ұқсас келетін күрделі сөзді терминдер мен күрделі атау, газет, журнал, мақала, кітап аттары мен ТТ ғана болады.

КТ кемінде екі-үш сөзден құралады және олардың әрқайсысының өзіндік жасалу жолы болады. Сол тобымен тілде номинативтік қызметте жұмсалады. Әрине сол КТ пен сол іспеттес синтаксис тіркестер кейде бір-біріне ұқсас та бола береді. Мына мысалдарға назар аударайық.

Тау: үлкен, кіші, биік. Тау: аласа, қарлы, қарсыз.

Бұлар тау сөзінің әртүрлі сындық қасиетін көрсетсе керек. Ондай сындар **тау** сөзінің әртүрлі қасиеттерін көрсетеді де, өзінің анықтайтын сөзімен синтаксистік сөз тіркесін құрайды. Сол сияқты **Ардақ** өзені бар да, сол өзеннің әртүрлі ерекшелігін білдіретін сөздер еркін синтаксистік топ құрайтын болса, енді **Кіші Ардақ** ән аты арқылы белгілі бір атау ретінде де жұмсалады. Осы сияқты номинативтік мән тек сын есімді анықтауышты тұлғадағы сөздер арқылы ғана емес, «Біз *тау қиялап жүріп келеміз*» немесе «Өзіміздің *туған жерде еңбек қарқынын арттырудамыз*» деген сөйлемдердегі курсивпен жазылған зат есім мен көсемшенің, есімше мен зат есімнің тіркесі «**Тау қиялап, Туған жер**» тіркестерінің қызметі мен мәні бірдей емес. Біріншісінде кәдімгі еркін тіркес ретінде жұмсалса, екіншісі әннің аты ретінде жұмсалған. Сол сияқты осы тұлғалық ерекшеліктерде «**Қазақстан әйелдері**», «**Қазақстан мұғалімі**», «**Үгітші блокноты**» сияқты журнал аттары немесе **Мешін жылы, Тұнық су, Адамзатқа хат**, сол сияқты басқа да атаулар сол арнайы кітап, журнал беттерінде жазылған орында ғана номинативтік мәнге ие де, егер **тұнық судан іштім, мешін жылы туыппын** сияқты айтылатын болса, әдеттегі анықтауыш, анықталушы сөздер тобы болып шығады.

Д.В.Фоменко номинативті мән туралы айта келіп: «номинативті мән анықтауыштық қатынастағы дара сөз тіркестеріне (белая березка) тән, - дей келіп, - ал күрделі және құрама сөз тіркестерінде (редкая критика профорга за бездеятельность) ойлану керек» - деген болатын. Шындығында, жай сөз тіркестерінен номинативті мәнді іздеуі автордың күрделі атау мен еркін сөз тіркестерін ажыратпаудан шығып отыр. Негізінде номинативті мән сөз тіркестерінің дара түріне тән, күрделі түрі жайлы ойлану керек деген пікіріне біз қосыла алмаймыз. Негізінде сөз тіркестерінің дара, күрделі, тіпті аралас түрлері жанындағы номинативті мәннен гөрі грамматикалық жағына назар аудару – негізгі принцип.

Сонымен, сөз тіркестерінен номинативті мәннен гөрі олардың синтаксистік ерекшеліктерін айқындау орынды.

4. **Сөйлемдегі сөздердің байланысы.** Сөйлемдегі сөздер сабақтаса және салаласа байланысады. Жалпы тіл мамандарының арасында сөздердің сабақтаса байланысын сөз тіркесіне жатқызу туралы пікірталасы болмаса керек. Соңғы кезде сабақтаса байланысқан топпен бірге салаласа байланысқан сөздер обын да сөз тіркесіне жатқызу жағы көріне бастады.

Қорыта келгенде соңғы кезде сабақтаса байланысқан топпен бірге салаласа байланысқан сөздер тобын да сөз тіркестеріне жатқызу жағы көріне бастады. Осы сияқты топтарды қай тоақа болсын жатқызу күрделі проблема. Ондай сөздер тобы негізінде күрделі сөздер тобын құрайтындықтан, өзара сөз тіркесі бола алмайды. Тек сабақтаса байланысқан сөз тіркестері арқылы сөз тіркестерінің заңдылықтары жан-жақты айқындалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әрі ғалым әрі ұстаз: Егемен Қазақстан. – 1996. – 11 желтоқсан.
2. Ғасыр грамматикасы. Караван. – 1996. – 15 қаңтар.
3. Тіл ғылымының тарланы: Ө.Айтбайұлы туралы. Жас Алаш. – 1996. – 13 сәуір (М.Ержановпен бірге).
4. Мазмұны терең оқулық: Р.Әміров пен Ж.Әмірованың «Жай сөйлем синтаксисі» атты оқулығы туралы. Егемен Қазақстан. – 1995. – 25 желтоқсан.
5. Есім пысықтауыш: пед. институттар мен университеттердің студенттеріне арналған. - Алматы: Қаз. мем. ун-ті, 1976. – 46-б.